

Израиль Мемлекетінде Қазақ сауда үйін құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 наурызыдағы N 303

Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті арасында сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және Қазақстанның әлемдік экономикаға төзірек тұтастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бір ай мерзімде Израиль Мемлекетінде өзін-өзі қаржыландыру шартымен Қазақ сауда үйін құратын болсын.

2. Израиль Мемлекетіндегі Қазақ сауда үйінің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөніндегі мұддесін білдіру;

Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті арасындағы сауда-экономикалық байланысты үйлестіру әрі дамыту;

республиканың мұқтажына арналған инвестицияларды, технологияларды тарту және тауарларды, шикізаттарды, материалдар мен қызмет көрсетулерді сатып алуды үйимдастыру;

Қазақстан Республикасына Израиль Мемлекеті беретін кредиттердің тиімді пайдаланылуына жәрдемдесу болып табылады деп айқындалсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігінің тапсыруы бойынша Қазақ сауда үйі басқа да міндеттерді жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. <*>

Ескерту. 3-ші тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.

06.15. N 631 қаулысымен. Р950631_

4. Қазақ сауда үйінің Израильдің "Фармеди" фирмасымен медициналық препараттар өндіру жөніндегі, Израильдің "Моро" институтымен медициналық диагностикалық орталық, сондай-ақ Израиль технологиясы бойынша медициналық аспаптар өндіретін зауыттың құрылышын жүргізу жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысы қабыл алынсын.

Бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі жобаны қаржыландыру Израиль Мемлекетінің Қазақстан Республикасына бөлетін кредит желісі шеңберінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Қазақ сауда үйіне Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетіндегі Сауда өкілдігінің құқықтық мәртебесі белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК